

Ақшолақ ауылындағы жаңа көшеге атау беру туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Жаңатұрмыс ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы N 55 Шешімі. Жамбыл облысы Байзақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қаңтарда 104 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабындағы 4) тармақшасы негізінде және Ақшолақ ауылы көше тұрғындарының пікірін ескере отырып,

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Ақшолақ ауылындағы жаңа көшеге Еңбек ардагері Папиев Тоқсабаның есімі берілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңатұрмыс ауылдық округінің Әкімі: Д.Т. Жайлаубеков.